«Nursultan 7» бөбекжай- балабақшасы

Бекітемін ___________
«Nursultan 7» бөбекжай
балабақша
меңгерушісі: А.Т.Тажиданова

# Логопед маманының перспективалық тақырыптық жоспары

2024 - 2025 оқу жылы

## 2024-2025 оқу жылына арналған логопедтің перспективалық жұмыс жоспары

| АЙЫ | ТАҚЫРЫБЫ | ТОБЫ/ ЖАСЫ | МАҚСАТЫ | ТҮЗЕТУШІЛІК-ДАМЫТУШЫЛЫҚ ЖҰМЫС | ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР | КӨРНЕКІЛІКТЕР | КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қыркүйек | Балабақша | 1.Кіші топ (2 жастан бастап) | Логопедиялық ауытқушылықтың құрылымы мен деңгейін анықтау<br>Сөйлеу аппаратының артикуляциялық бөлімімен танысу<br>Балаларды негізгі артикуляциялық мүшелермен таныстыру. | | | | |
| | | 2.Ортаңғы топ (3 жастан бастап) | Тіл дыбыстарын дұрыс айтуға сөйлеу мүшелеренің қимыл-қозғалысын жетілдіру. Сөйлеу кезіндегі дұрыс тыныс алуын қалыптастыру, ауа ағымын реттеу. Ұзақ және қысқы тыныс алуын қадағалау. | | | | |
| | | 3.Ересек топ (4 жастан бастап) | Балаларды дыбыстардың түрлерімен және олардың шығу жолдарын түсіндіріп, арнайы жаттығуларды орындатқызу. | | | | |
| | | 4.МАД топ (5жастан бастап | Дауысты және дауыссыз дыбыстар дыбыстар туралы түсіндіру, оларды дұрыс айтуға жаттықтыру, сөйлеу тынысын дамыту. Сюжетті сурет бойынша сөйлем құрастыру | | | | |
| | | 1.Кіші топ (2жастан бастап) | Балабақша ұғымын қалыптастыру.<br>Байланыстырып сөйлеуді дағдыландыру. | Импрессивті және экспрес-сивті сөйлеу-ді дамыту (енжар және белсенді сөз- | Мәнерлеп айту, көрсету, түсіндіру, | Сөйлеуді дамыту карточкалары, "Сиқырлы қалам", | 1.Ересектермен қарым-қатынасқа түсіп, жақсы әрекеттерді ажырата алады.<br>2-3 буынды сөздерді атай алады. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2.Ортаңғы топ (3жастан бастап) | Екі құрамды сөздерден құралған сөйлемдерді қолдануға үйрету. Қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. | дікті жүйе-лендіру және байыту).<br><br>Байланыстырып сөйлеудің түрлі бейнелерін және оның белгілерін тани алу икемділігін, әңгімені құрастыру және қайталап айту дағдысын қалыптастыруды дамыту. | Әңгімелесу, ойын ойнату. Жеке, топтық, ұжымдық жұмыс, сұрақ-анық, толық жауап, дыбысқа еліктеу, қайталау, дауыс ырғағын өзгерте алу, тыныс алу, артикуляциялық жаттығулар, көтермелеу, қолдау, мадақтау. | "Ақылды балапан", Карточкалар Макеттер Графикалық материалдар, айна, кубиктер. Пирамида айнасы. | 2.Сөз тіркестерін байланыстырып сөйлей алады. Еркелету, жақсы көру ұғымындағы сөздерді ажыратады. |
| | 3.Ересек топ (4 жастан бастап ) | Тілдің лексико-грамматикалық құралдарын белсендіру. Диалогтік фразалық сөйлеуін дамыту. Мағынасы бойынша қарама-қарсы әрекеттерді ажырата алуға үйрету. Сөйлеу тілінде жай сөйлемдерді қолдана алуға үйрету. Берілген буындық құрылымдағы сөздерді айтуға үйрету. | | | | 3.Қарапайым артикуляциялық жаттығуларды орындай алады. Сөйлеу тілінде жай сөйлемдерді қолданады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4.МАД тобы (5 жастан бастап) | Балалардың фонематикалық есту мен толыққанды айту дағдыларын дамыту. Дұрыс дыбыс айтуды қалыптастыру. Лексикалық тақырыптар бойынша сөздікті кеңейту. Әңгімені үлгі бойынша орындалған сурет құрастыруға үйрету. Үш-төрт сөзден тұратын диалогтік қарым-қатынасты дамыту. Дауысты дыбыстарды буынға бөліну түсінігін балаларға үйрету. «Дауысты» және «дауыссыз» дыбыстарды ажырата алуға үйрету. Баламен змоционалды қатынас орнату. Сөйлеу кезінде тыныс алуына үйрету. Сөздің буындық құрылымын қалыптастыру. | | | | 4.Жай және күрделі көмекші сөздерді қолданады.<br>Сөздерді буындарға бөле алады.<br>Ересек адамның көмегімен сөздегі дыбыстың ретін орната алады.<br>Дыбыстарды көрсету үшін арнайы белгілерді қолданады және түсінеді.<br>Берілген буындық құрылымдағы сөздерді атайды. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қазан | Жомарт күз | 1.Кіші топ (2 жастан бастап) | Күз мезгілі жайлы түсінік қалыптастыру. Күз мезгіліндегі құбылыстары туралы қарапайым ақпаратпен бөлісу. | | | Жыл мезгілдеріне қатысты суреттер, артикуляциялық жаттығулар, карточкалар, пазл, айна, фишкалар, карточкалары.. | 1.Кейбір көмекші сөздердің категорияларын түсінеді. |
| | | 2.Ортаңғы топ (3 жастан бастап) | Түрлі дыбыстық топтасудағы екі-үш буынды сөздерді атайды. Жеміс пен көкөніс түрлерімен таныстыру. Сұраулы сөйлемдерді құрастыруды үйрету. | | | | 2.Түрлі дыбыстық топтасудағы екі-үш буынды сөздерді атайды. Жеміс пен көкөніс түрлерін таниды. |
| | | 3.Ересек топ (4 жастан бастап) | Дыбыстық-буындық құрылымы бойынша ұқсас сөздерді оқыту. Түрлі дыбыстық топтасудағы сөздерді айтуға үйрету. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөздік қорды кеңейту. | | | | 3.Толықтыруларды пайдаланып, сөйлем ретінде қолданады. Қарапайым артикуляциялық жаттығуды орындайды. |
| | | 4.МАД тобы (5жастан бастап | Жекеше түр мен көпше түрді ажырата алуды үйрету. Сөздердің мағынасын түсіну және ажырата алуға үйрету. Үш буынды сөздерді айтуға үйрету. Қысқа тақпақтарды жаттату. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың дұрыс айтылуын нақтылау. | | | | 4.Диалогтік қарым-қатынастың негізгі түрін қолданады. Берілген буындық құрылымдағы сөздерді атайды. Дауыссыз дыбыстары үйлескен екі-үш буынды сөздерді атайды. Жеке дыбыстарды ажыратады. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қараша | Отбасы | 1.Кіші топ (2 жастан бастап) | Отбасы мүшелерін сурет арқылы көрсетіп, мүмкіндігінше атын атауды қалыптастыру. Отбасы деген ұғымды қалыптастыру. | Ауызша байланыстырып сөйлеуді дамыту (диалогтық және монологтық), ауызша коммуникацияның лексико-грамматикалық құралдарын белсендендіру және қалыптастыру, ауызша коммуникаци | Мәнерлеп айту, көрсету, түсіндіру, Әңгімелесу, ойын ойнату. Жеке, топтық, ұжымдық жұмыс, сұрақ-анық, толық жауап, дыбысқа еліктеу, қайталау, дауыс | Заттық суреттер, өзінің суреті, отбасының суреті, карточкалар, бейнетаспа, айна, түрлі-түсті фишкалар, жұлдызшалар,Пирамида айнасы. | 1.Адамдармен қарым-қатынас жасайды. Отбасы мүшелерін ажырата алады. |
| | | 2.Ортаңғы топ (3 жастан бастап) | Отбасы мүшелерін ажырата алуды қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру. | | | | 2.2-3 буынды сөздерді атай алады. Қарапайым артикуляциялық жаттығуды орындайды. |
| | | 3.Ересек топ (4 жастан бастап) | Достық сезімін ояту. Дағдыны қалыптастыру. Түрлі дыбыстық топтасудағы екі-үш буынды сөздерді айтуға үйрету. | | | | 3.2 сөзден сөйлем құрай алады. 2-3 буынды сөздерді атай алады. |
| | | | | | | | 4. Қарапайым сұрақ қоя |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 4.МАД тобы (5жастан бастап | Сөз құрамынан дауысты дыбыстарды ажырату. Ерін қалпы туралы түсінікті нақтылау, дыбыстардың артикуляциясындағы ерін қалпының өзгеруін нақтылау. Ақырын және қатты дауысты пайдалана білуді дамыту. | яның лексико-грамматикалық құралдарын белсендендіру және қалыптастыру Артикуляциялық моторика қозғалыстарының кинестетикалық және кинетикалық негіздерін қалыптастыру. Толыққанды дыбыс айту дағдыларын (сақталған дыбыстарды нақтылау, жоқ дыбыстарды шығару, бұрмаланып айтылатын дыбыстарды түзетуді дамыту. | ырғағын өзгерте алу, тыныс алу, артикуляциялық жаттығулар, көтермелеу, қолдау, мадақтау. | | алады;<br>Қарапайым ақпаратпен бөлісе алады.<br>Ерінге арналған жаттығуды орындайды.<br>Ақырын және қатты дауысты пайдалана біледі. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Желтоқсан | Менің Казақстаным! | 1.Кіші топ (2 жастан бастап) | Балаларды қарым-қатынас жасауға ниеттендіру. Патриоттық сезімін ояту. | | | Тақырыпқа сай суреттер, карточкалар, фишка, жұлдызша, айна, карточкалары,пирамида | 1.Қарапайым сұрақтарды қояды. Қарапайым ақпаратпен бөліседі. |
| | | 2.Ортаңғы топ (3 жастан бастап) | Тілдің лексико-грамматикалық құралдарын қалыптастыру. Сыпайы түрде өтіну, алғыс білдіру дағдыларын бекіту. Түрлі дыбыстық топтасудағы екі-үш буынды сөздерді атау. | | | | 2.Толықтыруларды пайдаланып, екі-үш буынды сөздерді қолданады. Қарапайым артикуляциялық жаттығуларды орындайды. |
| | | 3.Ересек топ (4 жастан бастап) | Балалардың белсенді сөздіктерін байыту. Диалогтік фразалық сөйлеуін дамыту. Мағынасы бойынша қарама-қарсы әрекеттерді ажырата алуға үйрету. Сөйлеу тілінде қарапайым жай сөйлемді қолдана алуға үйрету. Суретті сюжет бойынша түсіндіру және атауды үйрету икемін бекіту. | | | | 3.Екі-үш буынды сөздерді айта алады. Қысқа тақпақтарды айта алады. Сурет арқылы сөздерді айта алады. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 4.МАД тобы (5жастан бастап | Тақырыпқа сай фонематикалық есту мен толыққанды айту дағдаларын дамыту. Ауызша лексико-грамматикалық құралдарын белсендіру. Балаларды сөйлеуге ынталандыру. Сөздерді сипаттау арқылы түсіне алу икеміне үйрету. | | | | 4.Мағынасы бойынша сөздердің орнын түсінеді. Жай және көмекші сөздерді қолданады. Ересектің көмегімен сөйлемді құрастыра алады; Сөздерді буындарға бөле алады. Ересек адамның көмегімен сөздегі дыбыстың ретін орната алады. |
| Қаңтар | Алақай, қыс келді! | 1.Кіші топ (2 жастан бастап) | Қыс мезгілімен таныстыру. Қыс ерекшеліктерін суретті сюжет арқылы қарапайым түсіндіруге үйрету. | Артикуляциялық моторика қозғалыстарының кинестетикалық және кинетикалық негіздерін қалыптастыру. Толыққанды дыбыс айту дағдыларын (сақталған дыбыстарды нақтылау, жоқ дыбыстарды шығару, бұрмаланып айтылатын | | Дидактикалық карточкалар, қыс мезгіліне сай суреттер, | 1.Қарапайым ақпаратпен бөліседі. Қарапайым сөздегі дыбыстың ретін орната алады. |
| | | 2.Ортаңғы топ (3 жастан бастап) | Үш буынды сөздерді айтуға үйрету. Байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру. Дыбыстарды ажырату. | | | айна, артикуляциялық жаттығулар карточкалары, айна, Пирамида айнасы.. Дидактикалық | 2.Сөз тіркестерін, екі құрамды қарапайым тіркестерді қолданады. Мағынасы бойынша әрекеттер мен белгілерді ажырата алады. Екі-үш буынды сөздерді атайды. Қарапайым артикуляциялық жаттығуды орындайды. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 3.Ересек топ (4 жастан бастап) | Жылы киіну барысында киім түрлерімен таныстыру. Дұрыс тамақтануға толыққанды дағдыны қалыптастыру. Пайдалы және зиянды тағам түрлерімен таныстыру. Тағам түрлерін қайталату барысында фонематикалық қабылдауын қалыптастыру. Дидактикалық жаттығулар және лексикалық тақырыптар бойынша сөздік қорды кеңейту, нақтылау. | дыбыстарды түзету.<br>Баланың ерекшелігіне қарай ашық дауысты **а,ә, о, ө, е, э,** қысаң дауысты**ы,і,и, у, ұ, ү** дыбыстарын қою,ажырату.<br>Баланың сөйлеу барысындағы дамыту керек **ф, в, т, д, к, қ, г, ғ, х, с, з, ц, л, р, ш, ж, щ, ч** т.б. дыбыстарын қою.<br>Буын, сөзде, сөйлемде қолдануды машықтандыру. | | ойындар, айна, артикуляциялық жаттығулар карточкалары, айна, "Сиқырлы қалам", "Ақылды балапан" | 3.Қарапайым ақпаратпен бөліседі, артикуляциялық жаттығуларды орындайды.<br>Түрлі дыбыстық топтасудағы екі-үш буынды сөздерді айтады.<br>Өзі туралы, өзінің сүйікті киімдері туралы қысқа сөйлемді пайдаланып айта алады.<br>Қысқа тақпақтарды айта алады.<br>Құрдастарымен қарым-қатынасқа түседі.<br>Тағам атауларын айта алады. |
| | | 4.МАД тобы (5жастан бастап | Жеке дыбыстардың дұрыс айтылуын нақтылау. Мимика мен пантомимика көмегімен қатынас-орнатушы сұрақтарды қолдану және түсіну. Достық сезімін білдіру, алғыс айтып үйренуді дағдыландыру Тақырып барысында дауыспен созып айтуға келмейтін дыбыстардың айтылуына назарын аударту. | | | | 4.Кейбір жай көмекші сөздердің грамматикалық категорияларын түсінеді.<br>Түрлі дыбыстық топтасудағы үш-төрт сөздерді атай алады.<br>Ересек адамның көмегімен |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |
| Ақпан | Табиғат әлемі | 1.Кіші топ (2 жастан бастап) | Қарапайым сөйлемді құрастыруға үйрету. Дағдыны қалыптастыру. Қоршаған орта туралы қарапайым мағлұмат беру. | | | | 1.Қарапайым сөздерді құрастыра алады. Айналасындағы заттарды атай алады. |
| | | 2.Ортаңғы топ (3 жастан бастап) | Жануарлар туралы түсінік қалыптастыру. Жануарлар атауларымен танысу. Екі құрамды сөйлемді меңгерту. Жеке дыбыстардың айтылуы және жануарлардың дауысқа еліктеуін ажырату. | | | | 2. Жануарлар атауларын атайды. Екі құрамды сөздерді атайды. Жануарлардың дауысын ажыратады. |
| | | 3.Ересек топ (4 жастан бастап) | Сюжетті сурет бойынша сұрақтарға жауап бере алуды дамыту. Екі сөзді және екі құрамды сөйлемдерде меңгерілген етістік формаларын қолдану. Түрлі дыбыстық топтасудағы екі-үш буынды сөздерді айтуға үйрету. | | | | 3. Қысқа тақпақтарды айта алады. Түрлі дыбыстық топтасудағы екі-үш буынды сөздерді айтады. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 4.МАД тобы (5жастан бастап | Дыбысты-буындық құрылымы бойынша ұқсас сөздерді естуге дифференциациялауға оқыту («үйшік-күшік», ойнайды-орайды) өзіндік ой пікірлерін құруды бекіту. Сөйлеуді әрі қарай жетілдіру. Өзінің және басқалардың іс-әрекетін сипаттап бере алуға оқыту. Түрлі дыбыстық құрылымдағы үш және төрт дыбысты сөздердің дыбыстық талдауын жасай алуды қалыптастыру. | | | | 4.Жануарлар туралы қарапайым сұрақтарға жауап береді. Дауысты дыбыстарды ажырата алады. Дыбыстарды сипаттай алады. Сөздегі дыбыстардың орнын анықтай алады. Берілген дыбысқа сөздерді таңдай алады. Сөздегі буындардың санын анықтай алады. |
| Наурыз | Көктем | 1.Кіші топ (2 жастан бастап) | Еркін есту арқылы қабылдауды және зейінді қалыптастыру. Баланы өз күшіне деген сенімділікке тәрбиелеу. | Қызығушылықтарын үйлестіруге бағытталған ересектер және құрбыластарымен түрлі өмірлік жағдайлардағы вербалды және вербалды емес құралдарды дамыту. | | Артикуляциялық карточкалар, леготека, Жыл мезгілдері карточкалары,көктем суреті | 1.Ересек адамдармен қарым-қатынас жасайды. |
| | | 2.Ортаңғы топ (3 жастан бастап) | Фонематикалық талдауды дамыту. Баланың фонематикалық түсініктерді қалыптастыру. | | | | 2.Қарапайым артикуляциялық жаттығуларды орындайды. Сөзге фонематикалық талдау жасауға ұмтылады. |
| | | 3.Ересек топ (4 жастан бастап) | Суретті сюжет арқылы тақырыпқа сай суретті түсіндіру. | | | | 3.Айналасындағы жағдаяттар туралы сұрақтарға жауап береді. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 4.МАД тобы (5жастан бастап) | Артикуляциялық қозғалыстардың кинестетикалық негіздерін қалыптастыру. Сөздің буындық құрылымын қалыптастыру. Дыбысталу жағынан ұқсас сөздерді ажырату. Дауыстың төмендеуі мен жоғарылауын ажырату біліктерін бекіту. | Баланың ерекшелігіне қарай ашық дауысты **а,ә, о, ө, е, э,** қысаң дауысты**ы,і,и, у, ұ, ү** дыбыстарын қою,ажырату. | | | 4.Сөздегі буындардың санын ажырата алады. Дыбыстарды сипаттай алады және ажыратады. |
| Сәуір | Бізді қоршаған әлем | 1.Кіші топ (2 жастан бастап) | Қоршаған ортаны таныстыру. Айналасындағы жағдаяттарды әңгімелеп, сипаттап, суретті сюжет арқылы үйрету. Көлік түрлерімен таныстыру. | Баланың сөйлеу барысындағы дамыту керек **ф, в, т, д, к, қ, г, ғ, х, с, з, ц, л, р, ш, ж, щ, ч** т.б. дыбыстарын қою. Буын, сөзде, сөйлемде қолдануды машықтандыру. | | Артикуляциялық карточкалар, қоршаған ортаның суреті, жануарлар мен құстар карточкалары | 1.Ересек адамдармен қарым-қатынас жасайды. Қарапайым артикуляциялық жаттығуларды орындайды. |
| | | 2.Ортаңғы топ (3 жастан бастап) | Екі құрамды сөйлемді меңгерту. Жеке дыбыстардың айтылуын үйрету. | | | | 2.Айналасындағы жағдаяттар туралы ересектің көмегімен сұрақтарға жауап береді. |
| | | 3.Ересек топ (4 жастан бастап) | Екінші буынға екпінді қоя отыра екі буынды сөздерді айтуға үйрету. Үш буынды сөздерді айтуға үйрету. Дыбысталуы жағынан ұқсас сөздерді ажырату. | | | | 3.Сөздегі буындардың санын ажырата алады. Дыбысталуы жағынан ұқсас сөздерді ажыратады. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 4.МАД тобы (5жастан бастап) | Балаларды суретті сюжет арқылы ынталандыру. Қарапайым дағдыларды қалыптастыру. Тақырыпқа сай суретті сюжет арқылы түсіндіру. Дұрыс дыбыс айтуды қалыптастыру. Фонетикалық-фонематикалық түсініктерді қалыптастыру. Түрлі тұрмыстық жағдайлардағы қарым-қатынасты, жүріс-тұрыс мәдениетіне тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Ересек адамның көмегімен әңгіменің жалғасын және ойдан құрастыра алуға үйрету. Дауыс ырғағы бойынша сөйлемдерді ажырата алуға үйрету. Үш-төрт сөзден тұратын сұрақтар бойынша диалогтік қарым-қатынасты дамыту. | | | | 4.Дыбыстарды сипаттай алады.<br>Сөздегі дыбыстардың орнын анықтай алады.<br>Дауысты дыбыстарды ажырата алады.<br>Қарапайым ақпаратпен бөліседі.<br>Қысқа тақпақтарды айта алады және дыбыстарды сипаттай алады.<br>Ересектің көмегімен сөздегі дыбыстардың орнын анықтай алады.<br>Ересектің көмегімен әңгіменің жалғасын ойдан айта алады. |
| Мамыр | Жайдарлы жаз келді! | 1.Кіші топ (2 жастан бастап) | Жыл мезгілдерін түсіндіру. Көктем мезгілімен Жаз мезгілінің айырмашылықтарын үйрету. | Баланың ерекшелігіне қарай ашық дауысты **а,ә, о, ө, е, э,** қысаң дауыстыы**,і,ы, у, ұ, ү** дыбыстарын қою,ажырату. | | Артикуляциялық карточкалар, тақырыпқа сай суреттер, жыл мезгілдері суреті, жаз мезгілінің | 1.Қарапайым ақпаратпен бөліседі.<br>Қарапайым сұрақтарды қояды. |
| | | 2.Ортаңғы топ (3 жастан бастап) | Дидактикалық жаттығулар арқылы фонематикалық түсініктерін қалыптастыру. Екінші буынға екпінді қоя отыра екі буынды сөздерді айтуға үйрету. | | | | 2.Түрлі дыбыстық топтасудағы екі-үш буынды сөздерді атайды. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 3.Ересек топ (4 жастан бастап) | Қарапайым дағдыларды қалыптастыру. Тақырыпқа сай сюжетті сурет арқылы дауыссыз дыбыстары үйлескен екі-үш буынды сөздерді айтуға үйрету. | Баланың сөйлеу барысындағы дамыту керек **ф, в, т, д, к, қ, г, ғ, х, с, з, ц, л, р, ш, ж, щ, ч** т.б. дыбыстарын қою. Буын, сөзде, сөйлемде қолдануды машықтандыру. | суреті, жазғы ойындар суреті мен карточкалары | 3.Ересек адамдармен қарым-қатынасқа түседі. Екі-үш буынды сөздерді атайды. |
| | | 4.МАД топ (5жастан бастап | Тақырыпқа сай берілген ойды тұжырымдай алады. Сөйлеу тілінде бейнелі сөздерді салыстыруларды қолдануды үйрету. Сөйлеу тілінде көпмағыналы сөздерді қолдана алуды қалыптастыру. | | | 4.Дауыссыз дыбыстары үйлескен екі-үш буынды сөздерді атайды. Тақырыпқа сай сюжетті суреттер бойынша сөйлемдер құрастырады. Ересек адамның көмегімен сөздегі дыбыстың ретін орната алады. |